



**«БЕКІТЕМІН»**

**Абай атындағы ҚазҰПУ**  
**ректоры, профессор**  
**Т.Балықбаев**  
**2020 жыл**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай және ұлттық сана» атты республикалық пікірсайыс турнирінің**

## **ЕРЕЖЕСІ**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай «Абай және ұлттық сана» тақырыбында студенттер арасында өткізілетін республикалық пікірсайыс турнирінің ережесі сайысты өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
2. Турнир «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың мақаласында басым бағыттары аясында 2020 жылдың 29 ақпан – 1 наурыз аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткізіледі.

### **II. Турнир мақсаты**

**Турнир мақсаты – ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласындағы негізгі идеяларды жастар арасында кеңінен насихаттау , Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру , жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру , пікірсайыс қозғалысының дамуына үлес қосу . Республика жастарының арасында бірлік пен ынтымақтастықты нығайту.**

### **III. Турнирдің талаптары мен шарттары.**

1. Турнир қазақ тілінде жүргізіледі.
2. Турнир АПФ және ЛД форматында өтеді.
3. Сайысқа Алматы қаласының ЖОО-нан 4 команда қатыса алады.
4. Республикамыздың басқа аймақтарының қатысушыларына команда саны шектеусіз.
5. Турнирге Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Атамекен» пікірсайыс клубының мүшелері төрешілік етеді.

6.Турнирге қатысуға тілек білдірушілердің өтініштері 2020 жылдың 28 ақпанына дейін жіберілуі тиіс.Көрсетілген мерзімнен кейін жіберілген өтініштер қарауға қабылданбайды.

7.Өтініштер төмендегі электрондық поштаға жіберілуі қажет:

[atamekenscup@mail.ru](mailto:atamekenscup@mail.ru). Факс: 8(727) 293-81-85, 8 707 948 54 10. «Атамекен» ИПК координаторы: Әсембек Думан

#### **IV.Турнир қорытындысы**

1.Турнирде төреші шешімдеріне сәйкес жеңімпаз атанған топтарға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет ректорының Кубогы, II, III орын, «Үздік спикер», «Үздік төреші» және арнайы номинациялар мен бағалы сыйлықтар табыс етіледі.

*1.Бірінші орын – «Ректор Кубогы», 150 000 теңге*

*2.Екінші орын – 100 000 теңге*

*3.Үшінші орын(2 топ)– 80 000 теңге*

*4. «Үздік талпыныс» - 60 000теңге*

*5. «Үздік төреші» - 60 000 теңге*

*6. «Ең үздік спикер» - 60 000 теңге*

*7. «Үздік пікірсайысшы» - 25 000 теңге*

*8. «Үздік интеллект» - 10 000 теңге*

*9. «Белсенді Атамекендік» - 20 000 теңге*

*10. «Үздік ГИД» - 20 000 теңге*

*11. «Абай ұрпағы» - 10 000 теңге*

*12. «Үздік жас буын» - 10 000 теңге*

*13. «Әділ төрелік» - 10 000 теңге*

*14. «Көрермен көзайымы» - 10 000 теңге*

#### **V.Ұйымдастыру комитеті**

2.Турнирді ұйымдастырушылар Абай атындағы ҚазҰПУ Жастар ісі жөніндегі комитеті, «Атамекен» пікірсайыс клубы

#### **ТУРНИРДІҢ ӨТЕТІН ОРНЫ**

1.Турнирдің ашылу салтанаты Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті бас оқу ғимаратының 225 конференц-залында өтеді.Мекенжайы: Достық даңғылы, 13.

2.Турнирдің іріктеу кезеңі Абай атындағы ҚазҰПУ- нің №1 Оқу ғимаратында өтеді. Мекен-жайы: Қазыбек би көшесі 30

3.Турнирдің ақтық кезеңі Абай атындағы ҚазҰПУ- нің №5 Оқу ғимаратында өтеді. Мекен-жайы: Төле би көшесі 86

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік  
даму жөніндегі проректор



**Ж.Е.Ішпекбаев**

Жастар ісі жөніндегі  
комитет төрағасы



**Д.Ділдәбек**

«Атамекен» ИПК координаторы

**Д.А.Әсембек**